


821.512.122.09

Т 29

к

АРХИВТІК  
ҚОР



# ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ АБАЙ МҰРАСЫ



821.512.122.09

T 29



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ  
М.О.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

## ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ АБАЙ МҰРАСЫ

АЛМАТЫ, 2011

УДК 821.512.122.0

ББК 83.3 қаз

T29

**Редакциялық алқасы:**

Б.Әзібаева, С.Дәуітов, Ш.Елеукенов, Р.Ерғалиева, С.Күзембай,  
С.Қасқабасов, С.Қирабаев, А.Ісімақова

**Жауапты редактор:** филология ғылымдарының кандидаты,  
доцент С.Қорабай.

**Құрастырушы:** филология ғылымдарының кандидаты Д.Мұхамәдиев


**T29 Тәуелсіздік және Абай мұрасы:** респ. ғыл.-теор. конф. материалдары /  
Құраст. филол. ғ. к. Д.Мұхамәдиев – Алматы: ИД "CREDOS", 2011. – 243 бет.

**ISBN 978-601-7114-15-2**

Жинаққа 2011 жылдың 26 мамырында М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай ұйымдастырған "Тәуелсіздік және Абай мұрасы" атты республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары енгізілді.

УДК 821.512.122.0

ББК 83.3 қаз



© М.О.Әуезов атындағы  
Әдебиет және өнер институты, 2011.  
© ИД "CREDOS", көркемдеу, 2011.

**ISBN 978-601-7114-15-2**

## КІРІСПЕ СӨЗ

Абай шығармашылығында біздің қазіргі мағынада айтылып жүрген тәуелсіздік деген сөз ұшыраспайды. Алайда тәуелсіздік деген ұғымды кең мағынада қолдансақ, яғни жеке адамның бас бостандығы, ой еркіндігі, елдің азаттығы сияқты өте мәнді мәселелер Абай өлеңдерінде де, қарасөзінде де поэзиялық тілмен немесе ойшылдық мәнермен айтылған. Сонда тәуелсіздікті осылай кең мағынада ұғатын болсақ, Абай шығармашылығында оны екі түрде, екі әдіспен бергені байқалады. Мұның бірі қазақтың отарлыққа тап болып, өзінің мемлекеттік, ұлттық біркелкілігінен, тұтастығынан айрылып, қоғамды алуан түрлі қазақтың ұлттық сезімін, болмысын әлсіреткен, тіпті барынша төмендеткен жағдайларды көріп, Абай сол тұстағы қоғамның, адамдардың келеңсіз мінездері мен іс-қылықтарын сынап айтады. Осы сынның өзінде қазақтың қандай халге түскенінің себебі жат жұртқа бодан болғандығынан деген ой жатыр.

Басқаша пайымдағанда, Абай қазақтың сол шақтағы кемшіліктерін ашық айтып, енді сол надандықтан, арызқорлықтан, өтірік-өсек, мақтаншақтықтан және тағы басқа жағымсыздықтардан құтылудың жолын сілтейді. Сөйтіп, ол еркіндік, тәуелсіздік идеясын нұсқап айтады, яғни, жаңағы надандықтардан арылу жолдарын көрсетеді. Осылардың ішінде ең бастысы – білім мен ғылымды меңгеру деп түсінеді. Білімді озық елдерден үйрену керектігін, Шығыс ғұламалары мен Батыс ойшылдарының еңбектерін, көркем шығармаларын оқып, солардан үлгі алу қажеттігіне назар аударады.

Отарлықтан құтылудың тағы бір жолы – ол ислам дініне, Алланы тануға ұмтылу және рухани тазару, адамгершіліктің биік деңгейіне көтерілу деп біледі. Сондықтан да ол біраз өлеңдері мен қарасөздерінде исламның негізгі қағидалары мен ұстанымдары туралы молынан мәліметтер келтіріп, дінтанудың да мәселелерін қамтиды. Мәселен, оның:

Алла мінсіз әуелден, Пайғамбар хақ,  
Мү'мин болсаң, үйреніп, сен де ұқсап бақ.

Құран рас, Алланың сөзі-дүр ол  
Тәуилін білерлік ғылымың шақ, –

деп айтқан шумағында Алланың әуелден мінсіз екендігі, пайғамбардың хақ екендігі айтылып, Құран Алланың сөзі екендігін дәлелдейді.

Абай дінді айтқанда оны тар мағынада емес, дінді ғылым деп ұққандығы да көрініп тұр. "Көп кітап келді Алладан, оның төрті Алланы танытуға сөз айырмас", – деп айтқан сөзінен Алланы танудың өзі үлкен білім мен ғылымды қажет ететіндігін ескертеді.

Сонымен қатар мына ойды да ескеру керек. Абай: "Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр. Зарарынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек. Оның себебі олар дүниенің тілін білді, мұндай болды. Сен оның тілін білсең, көкірек көзің ашылады. Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі оныменен бірдейлік дағуасына кіреді... Орыстың ғылымы, өнері – дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі" дегенде орысты жоғарылатып, дәріптеуді мақсат тұтып отырған жоқ. Керісінше, ол орыстың өзімен тең болып, одан қазақ өзін төмен ұстамай, тең сөйлесіп, тең құқылы бола алатынын, сөйтіп, өзін отардағы пенде деп ұқпай, үлкен азамат, адам екендігін сезініп жүруі тиіс деп ұғады.

Абай жиырма бесінші сөзінде орысша оқу арқылы білімді неғұрлым тереңдетуге болатындығына зер салып, осы тарапта орыстар дүниенің тілін біледі деп ой түйген. Қазақты ілгері дамытып, алға бастайтын жол оқу деп біледі. Орысша оқуды дүниенің тілін білу амалы деп есептейді. Бұл жай ғана орыстарға бас ию емес. Орыстардың дүниенің тілін білетіндігін алға тартып, оның тілін білген адамға өнер, білімге даңғыл жол ашылатындығын үлкен көрегендіктен айтады. Міне, осында да тәуелсіздік идеясы жатыр.

Бүкіл Шығыс пен Батыстың руханиятын игерген Абай адамның өзі Алланың махаббатпен жаратқан пендесі екенін, сондықтан адамды бөлмей, бірін-бірі дұшпан көрмей, ұлтына, нәсіліне қарамай сыйлау, қадірлеу керектігін түсініп: "Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп, Және хақ жолы осы деп әділетті" деп, бүкіл адамзаттық тұрғыдан ой айтады.

Қазіргі кезеңде, әсіресе, тәуелсіздік алғаннан бастап, біз Абайды тануда, зерттеуде әр тараптан, әр аспектіден келіп, жан-жақты терең

зерттеулер жүргізуге мүмкіндік алдық. Соның бір аспектісі – конференцияның бүгінгі тақырыбы. Абайға қатысты бұдан басқа тақырыптар да баршылық, олар кезеңмен зерттеле бермек.

## **АБАЙ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІК РУХЫ**

Әлемде кіші халықтар жоқ, ұлы әдебиеттің барлығы – көбімізге мәлім бір ақиқат. Белгілі бір ұлттың арман-мүддесі, барша рухани өмірі, қуанышы мен қасіреті әдебиет арқылы көрініс табады. Әдебиет – сол халықтың ар-ұжданы, өркениетті адамзат алдындағы сән-тұлғасы, тарихтың қатал сынынан қаймықпай өтетін киелі мұрасы.

Орыстар үшін Пушкин, өзбектер үшін Науаи, итальяндықтар үшін Данте қандай қасиетті саналса, Абай есімі жер жүзіндегі түбі бір, түгел қазақ үшін Алатаудай асқақ, Шыңғыстаудай күдіретті! Ол – жалпы адамға тән қымбат ақиқатты өз елінің тыныс-тіршілігінен тауып, күлте-жалын келістіре жырлай білген шын мәніндегі ұлттық ақын, тізе қағыстырар теңдесін кезіктіре берместей терең ойшыл.

Абай орыс әдебиеті үшін "алтын ғасыр" саналатын ХІХ ғасырдың екінші жартысында (1845-1904) ғұмыр кешті. Әлемдік көлемдегі көркем ой мен философиялық танымның үздік үлгісін ақын орыс әдебиеті мен орыс тілі арқылы танып, білгенін қазір жасырудың қажеті жоқ. Абай дәуіріндегі қазақ қоғамы патшалық Ресейге бодан еді. Ұлы ақын осы халықтың, сол арқылы күллі ғаламның тарихы мен мәдениетін меңгеруді тәуелсіздікке барудың бірден-бір жолы деп таныды. Жіңішке жол. Алайда басқа даңғыл көрінбеді. Ұлы ақын күшпен алмаған қамалды рух күдіретімен бағындыруды мұрат тұтты. Төл әдебиетіміз бен шығыс шайырларының озық дәстүрін еркін меңгерген Абай батыс елдерінің мәдениетінен сусындауға құмартты. Еуропа суреткерлерінің тәкаппар даналығы мен жазу өнеріндегі "кестенің бізіндей" сан қиыр өрнектерден тағлым алуға бар бейілін аударды. Ұлы қаламгер өзінен бұрынғы таланты тау суындай тасыған әйгілі жыраулар мен айтыс өлеңнің теңселе басқан дүлдүлдеріне бейтаныс асудың қиясына шығып, топшысы берік қанатқа қайыспас, таймас тұғыр іздеген еді. Қыр елінде оқыған, сауатты, тілге де, ойға да жүйрік ақындар бар болатын. Бірақ талғампаз тағдыр қазақ жырының мұзарт шыңына Абайды ғана көтерді.

Демократ – ақын, сырлы-күйлі сазгер, философ, педагог, психолог Абайдың аса бай шығармашылық мұрасын тауыса талдау мүмкін емес. Алайда оның қазіргі қазақ жазба әдебиетінің негізін қалап, ли-

рикалық өлеңдері мен эпикалық поэмаларында реализм қайнарының көзін ашып, көмейін кеніткені, бұл туындыларда дидактикалық сарын өзгеше сергек философиялық ұйғарыммен, белгілі сюжеттік арналар жаңа композиция, тың идеялық тұғырнамалармен біте қайнасып, тұтас жонданып жатқанын атап айту шарт. Абай "қара сөздері" философия мен психология, эстетика мен педагогика ғылымдарына қадірлі олжа қосты. Абай сонымен бірге ұлттық әдебиетіміздегі проза жанрына ауыздық салып, оны жүген-құрыққа үйретті. Абай өз өлеңдеріне арнап әуен түзді, ол әуен әдеттегі таныс мақамнан басқаша күйге бейім болды. Өйткені Абай сазынан алыс әлемнің сан сала даусына тән ырғақ, нақыш байқалды. Ол жұрттың бәрінен бұрын Гете, Гейне, Пушкин, Лермонтов, Крылов жырларын қазақ тілінде сөйлетті. Олар неміс, орыс боп кекірейіп тұрмады, қазақтың елтірі тымағын киіп, кең күпісіне оранып шыға келді. Бірақ ұлттық түр-кескінінен айрылған жоқ.

Абай қазақ өлеңінің құрылымына түбірлі өзгерістер енгізді. Жаңа ырғақ, ұйқас, буын, сөз орамдары қиысын тауып, дүниеге келді. Ата қазақтың силлабикалық өлеңі тоты құстай түрленіп, салқын самал жұтқандай тың кейіппен жұтынып шықты, ерекше тартымды әуезділік танытты.

Біраздан бері Абай есіміне сабақтастырып, қазақ әдебиетіндегі қайта өрлеу дәуірі туралы сөз естіле бастағаны мәлім. Бұл – ең алдымен, ақын жырларының мазмұнына қатысты пікір. Замандастарының сөзіне қарасак, Абай жазған, сызғанын қайта көшіріп, үзбей жинастырып жүрмеген. Айналасындағы дос-жар ағайын ести сала, жаттап алатын болған. Ой орманындағы дара данышпан үшін поэзия бұл дүниенің күрмеуі қиын, шешуі жоқ күрделі мәселелерін толғайтын жан күйігі іспетті еді. Абайға дейін де небір күміс көмей, жез тандай ақын-жыраулар қамкөңіл елдің мұңын мұңдап, батыр ұлдың, ақылды ханның ұлағатын асыра дәріптеумен халыққа жаққан.

Қыр баласына әйгілі қатыгез де әділ, парасатты аға сұлтан Құнанбайдың отбасында дүниеге келген Абай мансап қумай, өнер мен ғылымның көшіне ілесіп, алыс қиырларды қиялмен шарлауға ынта қойды. Абай би болғаны, болыс болғаны бар, 18 жыл бойына дала жұртына "қара қылды қақ жарған" әкімнің жүгін арқалапты.

Ауыл молдасынан хат танып, орыстың бастауыш мектебінде тіл сындырған болашақ ақын қатал әкенің қалауымен оқуын жалғастыра



алмағаны аян. Айналасына беделі зор, құдайшыл, табанды, қайсар Құнанбай үміт күтер баласын буыны қатпай жатып, ру-рудың арасындағы тайталас күрес сырын ұға беруге бейімдейді. Бұл міндетті қайратты жас, қаласа да, қаламаса да, белі қайыспай көтере білген.

Абай қайнаған өмірдің асау дариясына қайық салды. Бір кезде жер айдалып келген поляк ұлтының өкілі А.Янушкевич қазақ халқының 100 жылдан соң ең өркениетті елдер қатарынан табыларына сенім білдіріп, көріпкелдік жасаған ғой. Абай сол халықтың нақсүйеріне айналды. Ұлы ақын өз шығармаларында сахра жұртының шаруашылық, әлеуметтік, тұрмыс-салт және іс-әрекет, мінез-қылығын мақтаудан гөрі надандық қамытынан арылмаған ағайынның жалқаулығы мен көрсеқызарлығын, екіжүзділігі мен сөзшеңдігін сынға алады. Көп ішіндегі азған қауымның алдамшы харекетін ақын келеке қылып күлмейді, жүрегінен зар төгіп, запыран қайғысын ақтара сөйлейді. Абайдың өткір кекесінін, бетке шыжғырып айтар сарказмын біз бүгін жалпы адам баласына тән кенеуі мол игілікті сарыла іздеуден туған толғаныстар ретінде қабылдаймыз. Абай "қалың елі, қазағының" сүріне басқан қадамына жаны ауырып, ақыл мен жүрек зеңгірінен күйзеле жыр төгеді. Мұндай биікке ол халық қасіретіне ортақтас дархан көңіл, қуатты рух пен құнарлы ойдың құдіреті арқылы қол жеткізген. Дәл осындай асқақ тұғырдан Күлтегін, Тоныкөк сияқты қайран ер, дана басшы туралы мәңгі өлмес жыр қалдырған, туырлықтай ту ұстаған батыр бабалар ғана тіл қатар еді. Күллі қазақты қандас туыс, бауыр санауға жан қуаты жеткен алып тұлғалар ғана ағайынның асылы мен жасық істерін ашына тұрып, бетке баса алады. Ол ұлтын сүймегендік бола ма? Ақын тәуелсіздік үшін ой мен істің кемелдігін керек етеді.

Абай өзі ғана емес, жеке назарға алынған жағдайдағы замандастары мен Сіз және Бізді де қапалы сезімнің жетегіне ілестіріп алады. Өйткені Сіз бен Біз – екінші дауыспыз. Біз – реніш, өкпеміз. Біз сезім ғана емес, оны жіті аңғарып, әділ таразылаушымыз. Біз – Абайдың жақтасы, қолдаушысымыз. Ақынды жабырқатқан жай тура біздің де көңіл-күйіміз сияқты. Әлдекімдерге кінә тағатындаймыз.

Абай психолог есебінде объективті нәм субъективті байқау, пайымдау, индукция, дедукция, силлогизм, интроспекция, ретроспекция тәсілдерін жете меңгерген. Оның шығармаларындағы өзге әріп-

тестерінен өзгешелік – әдетте көзге түсе бермейтін, қарама-қайшылығы мол әрі қымбат жан сырының нәзік сезімталдықпен суреттелуі. Бұл дүние жүзі әдебиетінің озық үлгісін етене бойға сіңірумен сабақтас кадам. Ол өнеге ой-пікірдің турашылдығы, толғану барысындағы кілт бұрылыстар, сол дәуірдегі қазақ поэзиясы үшін дағдыға айналмаған қасиет: сезімнің шектен тыс шынайлығы мен айрықша батыл сөз орамдарынан байқалады.

Абай әлеуметтік әділетті жақтайды, ел арасындағы қырғиқабақ тартыс пен зорлық-зомбылықты әшкерелеп сынайды. Халқының жарқын болашағын аңсаған ақын өз қандастарын әлем мәдениетінен сусындап, білім алуға үндейді, әркімге есесі кеткен қаратабан жарлыны өмірден алар үлесін тануға жетелеп, жігерін жаниды.

Қоғамдық-философиялық, адамгершілік тақырыбына арналған өлеңдерінде ақын аққан селден, сілкінген жерден қорықпайтындай ғажап реалист. Сол кез үшін жан түршігердей шындықты көлгірсімей, ақтара айтуға келгенде ол ешкімнің қас-қабағына қарамайды, өзім жаман көрінем бе деп қиналмайды:

Дос – асықтың болмайды бөтендігі,  
Қосылған босаспайды жүрек жігі.  
Біздің доспыз, асықпыз дегеніміз –  
Жалғандықтан жасалған көңіл жүгі.

.....  
Сеніскен досым да жоқ, асығым да,  
Ақыры өлең қылдым жасыдым да.  
Көрмеген көп дүние көл көрінді,  
Кірлемеген көңілдің ашығында [1, 53-б.],

– деп, Абай адымен қиялдағы мұрат тұтар үлгінің асыл бейнесіне қарама-қарсы шындықтың қара жүзін байқайды да, шарасыз халде ауыр күрсінеді.

Байқасақ, Абай өмірді Тәңірдің сыйы тұтып, білім іздеу мен лайықты тұрмыс құруды, оған жан сарайындағы тазалықпен жетуді кісілік деп таниды. Құран сөзімен үндес табиғи әрі қарапайым қағиданың поэтикалық көрінісі. Бұл – Абайдың кез келген бауырына ұсынар ақыл, кеңесі. Ал осындай көңіл қайшылығын барша адам сезіне ме? Сезінсе, жүрегіне жүк салып, сана сергелдеңіне түсе ме?!

Мұндай парасат биігіне шыққан ағайынның бәрі "кермек" "ойын" өлеңнің қиын өрнегінен өткізе ала ма?

Абай үшін Шығыс пен батыстың әдеби дәстүрлері ғана емес, әлемдегі діни ағымдар да жат көрінген жоқ. Ислам қағидаларын қатты қастерлейтін ол көне түркілердің Тәңірге табыну ырым-салтын да ардақ тұтады. Алайда ақынның дінбұзар дүмше молдаларды аяусыз шенейтінін ұмытпау керек. Абай поэзиясындағы шындық іздеп, көңілі жұбаныш таппай егілетін қасіретті жанның бейнесі діни сарындармен терең тамырлас. Ағартушы-демократ ғұламаны кешегі ер мінез көшпенділердің бүгінгі қараңғылығы мен қайрансыздығы қапаландырады. Қандас бауырларының қолында билігі бар әркімнің жетегінде кеткен талайсыз тағдыры толғандырады.

Абай поэзиясы – ұлы мейірімгердің рухани қажеттілігінен туған, қансыраған қайғылы жүрегінің шежіресі. Қайрат-жігер, нұрлы ақылға толы бұл жырларда қазақ халқының дүниетанымдық, психологиялық ерекшеліктері қаратүнек бояуларға ғана малынып көрінбейді, жалпыадамдық игіліктерге ұмтылыс үстінде бейнеленеді.

Көркем сөздің сандалкері торығу бұлтын серпіп тастап, бәріне тәкаппар парасат биігінен көз салатыны бар:

Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек,  
Ашуың – ашыған у, ойың – кермек.  
Мұңдасарға кісі жоқ, сөзді ұғарлық,  
Кім көңілді көтеріп болады ермек?

Жас – қартаймақ, жоқ – тумақ, туған – өлмек,  
Тағдыр жоқ өткен өмір қайта келмек.  
Басқан із, көрген қызық артта қалмақ,  
Бір құдайдан басқаның бәрі өзгермек [1,23-б.].

Жер басқан жұмыр басты пенде әлемнің қайталанбас сәттерін алғаш сезген күннен бастап өмір сүріп келе жатқан философиялық мәселеге Абай ғылым назарымен баға беретіндей. Өйткені ол Дарвин, Спенсер, Декарт, Бэкон еңбектерімен кеңінен таныс. Ақ жүзін кір шалған нәзік мұң ба? Ғажап табиғаттың қатігез үкімін сезінуден туған күрсініс пе?

Осынау жұмбағы мол күрделі тіршіліктің алып толқындарымен алыса жүріп, Абай:

Өлсе, өлер табиғат, адам өлмес,  
Ол бірақ қайтып келіп, ойнап-күлмес.  
"Мені" мен "менікінің" айрылғанын  
"Өлді" деп ат қойыпты өңкей білмес.

Көп адам дүниеге бой алдырған.  
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.  
Өлді деуге сия ма, айтыңдаршы,  
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған [1,178-б.],

– деп тағы бір алуан толғанысқа кетеді. Абайдың уақыт туралы тұғырнамасы жаратылыс құрылымынан мол хабардар адамға тән ойға, әлеуметтік, физиологиялық заңдылықтар сырын анық тануға негізделген. Тағдыр ұғымы философиялық деңгейге көтеріледі. Бар пейіл-ынтасымен бір Аллаға сыйынатын хақім адам дүниетанымындағы ең басты сауалға айқын жауап тапқандай.

Ұлы Абай жаратылыстың мойын бұрғызбас қатал қағидасын мойындай тұрып, қайғының қара тұманын шақыру себебін өзі де білмейтіндей. Сұңғыла санаткер біртұтам шолақ өмірді мәңгілік көріп, әдеттегі жабайы инстинктінің құшағынан шықпай, аз-кем құштарлық уысында қалатын, жамандықты ұмытпайтын, жақсылыққа жуытпайтын сұм-сұрқия пенделердің жетесіздігіне назаланады. Оларда әлеуметтік те, рухани да азатық сезімнің нышаны қалмайды. Абай санасының астарындағы ырықсыз сәт деп адамның шетсіз, шексіз элем алдындағы дәрменсіз бишаралығына дағдару сезімін атаса болар еді. Ақын мұңы мен қасіретінің сырт себептерінен басқа, көзге көрінбес, қыл қобызша сарнаған ішкі эмоциялық арқауы да осы, бір келген жарық дүниенің жалт бергіш опасыздығынан туған ба екен? Қорқыт бабаның зарын Абай неге бастан кешпесін. Асан атаның арманын Абай неге бауырына баспасын. Абай жырларындағы уайым, арман сарынының түбірі ұлттық поэтикалық, фелсапалық сана бастауларынан көз алады. Сатира, сыншылдық – трагедиялық жағдайдың ашынған көрінісі ғана.

Сағаттың шықылдағы емес ермек,  
Һәмиша өмір етпек, ол білдірмек.  
Бір минут бір кісінің өміріне ұқсас,  
Өтті, өлді, тағдыр жоқ қайта келмек.

Сағаттың өзі ұры шықылдаған,  
Өмірді білдірмеген, күнде ұрлаған.  
Тиянақ жоқ, тұрлау жоқ, келді, кетті.  
Қайта айналмас, бұрылмас, бұлдыр заман [1, 202-б.],

– деп дала кемеңгері неге торығады? Ой да таныс, кейбір сөздер де қайталанады. Тағы да "тағдыр" – бас тұлға. Тапқыр метафора сағаттың қызметіне байланысты өрістейді. Ақын зымыран уақыттың тасбақа қимылынан қарама-қайшылық байқағанмен, тұтас үйлесім заңдылығын барлайды. Ол адам үшін тиімді емес. Уақыттың қымбаттылығы сонда, ел-жұртына тұрмыс-салтқа өкпелі Абай, қайсар Абай өзіне жат "бұлдыр заман" елесін жанары мен көкірегінен қуғысы жоқ.

Абай жырларының тақырыптық аясы кең. Өмірдегі тарихи-элеуметтік, құқық, мораль мәселелері философиялық тереңдік, ашы мысқыл тілімен суреттеледі.

Сырттансынбақ, қусынбақ, өршілденбек,  
Сыбырменен топ жинап бөлек-бөлек.  
Арамдықпен бар ма екен жаннан аспақ,  
Өзімен-өзі бір күн болмай ма әлек?

Қолдан келе бере ме жұрт меңгермек?  
Адалдық, арамдықты кім теңгермек?!  
Мақтан үшін қайратсыз болыс болмақ,  
Иттей қор боп, өзіне сөз келтірмек [1, 24-б.],

– дегенде Абай баяғы ауылдағы жинақталған шындық суреттерін өткір де сергек кестелейді. Жалған даңғазалық, аяғы көрінген қулық қана емес, "жұмысы жоқ, қолы бостықтан" сенделген бозбала жастың өнерсіз, кәсіпсіз, арзан тірлігіне де күйіне назалану бар.

"Махаббатсыз дүние бос, хайуанға оны қосындар" деп түсінетін ақынның көңіл-күй лирикасы қалыптасқан дәстүрден аттап, классикалық дәрежедегі үздік өрнектермен көмкерілген. Табиғат туралы өлеңдеріндегі оқыстан табылған жүйрік теңеу, кейіптеу, психологиялық егіздеу мысалдары өзгеше әсерлі. Айналамыздағы сұлу дүниеге жан бітіп, әсем де мәнді қозғалыс, қимылға көшеді.

"Ескендір" поэмасында ақын атақты жиһангер, қолбасшы Александр Македонский тұлғасын жаңаша пайымдаған. Македон-

ский бейнесі аңыз сілеміне оранған мұнарлы кейіпте көрінбейді. Абай әйгілі жауынгер әміршінің шектен тыс менмендігін, адам қанын селдей ағызған жыртқыш қасиетін реалистік тұрғыда суреттейді. Осы шығармасы арқылы Абай тәуелсіздіктің шыңына ақыл-ой, парасат пен қанағатты шығарады.

Жидебай баурайында ғұмыр кешкен ұлы ойшыл болмыстың таусылмас жұмбақ сырлары туралы философиялық, этикалық, эстетикалық, психологиялық тұжырымдарын "қара сөз" түріндегі трактаттар арқылы жеткізеді. Ол пікірлер қазіргі таңда да өзінің жоғары ғылыми-көркем сапасын жоғалтқан жоқ.

Шығармаларын Абай аударған Пушкин мен Лермонтов қыран көктегі құдіретті тұлғасынан бір мысқал айныған емес. Өкінішке орай, Абай біз білетін таңғажайып, асқақ кейпін басқа тілде таба алмайды. Әрине, бұл тұста тәржіма ісіндегі ерекшеліктерді, әр халықтың өзгеше дара поэтикалық ойлау жүйесін толық қамту қиын міндет екенін ескерту қажет. Ақын стилінің терең мағынасы мен күрделі бейнелілігі, ол жазған өлеңдердегі құбылту, айшықтау амалдарының әсемдігі мен мәнділігі, тосын сұлулығы, фольклорлық үлгілермен жанды жарасымы, жалпы Абай поэзиясының кеуделі эстетикалық мәдениеті – бүгінгі қазақ әдебиеті үшін де қайталанбас құбылыс, алынбас асқар.

Текті тұқымнан шыққан, сый-құрметке малынған Абай әділдік пен адалдық жолында дала ақсүйектерімен арадағы қимастай қызық қарым-қатынасын үзеді. "Атаның ұлы болма, Адамның ұлы бол", "Бірінді қазақ бірің дос, Көрмесен, істің бәрі бос" дейді ғазиз Абай. Ақын жырларындағы ұлттық тұрмыс көріністерінен өріс алатын поэтикалық, дидактикалық ой-толғаныстар жалпыхалықтық мазмұнға толы. Абай дүниетанымында тарихи сипат мол. Абай өмір құбылыстарына диалектикалық биіктен қарайды.

Орыс қоғамындағы озық философиялық көзқарастың әсер-ықпалын бастан өткерген Абай "сегіз қырлы, бір сырлы" тұтас тұлға ретінде қалыптасады. Бұл халыққа деген шынайы махаббат нәтижесінде Татьяна мен Онегин, мұнды тәкаппар Лермонтов жырлары қазақ елінің рухани өмірінен қастерлі орынға ие болды. Абай ауылында дүниежүзілік өркениетті құдірет тұтумен тамырлас аса ізгілікті әдеби мектеп пайда болғаны мәлім.

Абайдың рухани мұрагері, немере бауыры, тамаша ақын әрі

философ Шәкәрім Құдайбердіұлы Толстоймен хат жазысып тұрады, сонау қияндағы Ясная Полянаға барып қайтады

Қаласаңыз да, қаламасаңыз да, көпке аян бір жұтаң шындық бар: неге екені белгісіз, елден иығы үстем даналар әр кезде оқшау қалып, жалғыздың күйін кешеді. Абай да "моласындай бақсының" жеке күңіренген сәттерден ада емес. Абай ХХ ғасырдың басында көз жұмды. М.Әуезов айтқандай, "Ұлы кеуденің ыстық демі тоқталды. Шөл даланы жарып аққан дариядай игілік өмір үзілді". Ал оның ауқымы кең, аспан аялы идеялары, кескекті тілі, айшықты суреттері, туған халқы өрге сүйреген өршіл арманы қазір де тірі. Біздің санамыз қайсыбір шақтарда сол ойлармен бірге тербеледі.

Біз Абайды мақтан тұтамыз. Өйткені, қайта оянған, өз перзентінің арман-мұңын, дана ақылын дұрыс түсінген, өсер өрісі зор әрбір ұлт алыс көкжиекке қажырлы үмітпен көз салады.

Көркем сөздің зергері, ыстық жүрегіне Абай есімімен серт жазып кеткен ұлы Мұхтар Әуезов ақын шығармаларының ерен көркемдігі мен ұлттық сипатын айта келіп: "Қазақтың жаңа мәдениетінің негізін салушы, қазақтың классикалық поэзиясының шұғылалы шыңы - Абайдың азбас-тозбас даңқының ең ірі айғағы, міне, осында" [2, 39-б.], – деп әулиедей ақиқатты тебірене жариялаған еді. Біз ол ойларға, Абайдың ұлылығына әрдайым бас иеміз. Абай қазақ халқының тәуелсіздікті бетке алған көшін өркениеттің қия-шатқалдарымен алып жүргенін көреміз. Қазақ мемлекетінің саяси тәуелсіздігі Абай поэзиясын әлі де айбар қорғаныш санайды. Өйткені ерліктің қозғаушы күші – терең рухани толысым күдіреті.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Құнанбаев А. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-т. – Алматы: Жазушы, 1986.
2. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 19-т. – Алматы: Жазушы, 1985.

Д.Ысқақұлы

АБАЙ ЖӘНЕ СӨЗ ӨНЕРІ

Қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаев – ХІХ ғасырдағы ұлттық поэзияны асқар биікке шығарған аса ірі әдеби құбылыс. Поэзияның қоғамда алатын орнына, оның негізгі мақсаты мен міндетіне мүлдем жаңаша көз-қараспен келіп, әдебиетті прогресшіл бағытқа бастады. Сөйтіп қазақ өлеңін идеялық және көркемдік жағынан қоғамдық рухани дамудың озық деңгейі дәрежесіне дейін көтерді. Қазақ поэзиясының ғасырлар бойғы дәстүрлі дамуына әлемдік әдеби үрдістердің ең үздік үлгілерін көрсетіп, қазақ поэзиясына жаңа сапалар әкелді; өркендеудің өнімді жолына түсірдің. Жалпы, Абай – тумысынан сыншыл ақын. Тума талант дана Абай өлең түгілі, бүкіл өмірге сын кезімен қараған. Өмірдегі келеңсіздіктерді, жетесіздіктерді аяусыз сынап отырған. Абайдың шығармашылығын сыншыл реализмге жатқызып келгендігіміз де сондықтан. Абай поэзиясын биікке көтеріп тұрған басты қасиетінің бірі – осы өмірге, өнерге сын көз-қараспен қарап, тіршіктің мәнін маңызын мақсатын жаңаша көркемдік тәсілдермен кемел кестелей білу. Ақын өлеңдеріндегі өмірге туралы зерттеулерде біршама әңгіме болып жүр.

Ақынның жалпы сұлулық атаулыға, яғни эстетикалық көз-қарастары да айрықша назар аударарлық. Абай өлеңдерінде қазақ ұғымының идеалды бейнелері түгелдей жасалынған. Абай жырлаған қазақтың сұлу қыздары, ер жігіттері – ұлттық талғамның биік эталондары. Нағыз тұлпар "шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақты" болып келеді. Қазақ поэзиясында "ер қанаты – тұлпардың" Тайбурыл сияқты әлемдік әдебиетте теңдесі жоқ классикалық үлгілері жасалынған. Солардың ішінде тұлпардың сыртқы тұрқын Абай суреттеген "аттың сыны" өлеңінің алатын орны ерекше. "Қар аппақ бүркіт – қара, түлкі – қызыл, ұқсайды қаса сұлу шомылғанға", "Сен жаралы жолбарыс ең мен киіктің лағы едім", "Қақтаған ақ күмістей кең мандайлы, аласы аз қара көз нұр жайнайды" деген сияқты бейнелі тіркестер Абай эстетикасының биік болмысын аңғартады.

Абайдың сөз өнері жайлы пікірлері бейнелілігімен ой тереңділігімен ерекшеленеді. Сондықтан да оны қазақ әдебиетінде философиялық-



эстетикалық сынның негізін қалап, қалыптастырушы деп батыл айтуға болады.

Абай өмірде өзге де, өзгеге де қатал талаптар қойып отырған. Өнермен айналысқан ақынның інілері, балалары, туыстары – барлығы дерлік өлеңдеріне алғаш рет Абайдың сынына өткізіп отыру – дәстүр болған. Абайдың өзі де өз өлеңдеріне көңілі толмай түрлі тәсілдермен жұртылылықтың сынына салып отырған. Абай қырыққа дейін өлеңін өз атынан жарияламаған. Өлең жазбағандықтан емес, өлеңі өзіне ұнамағандықтан. Өлеңдерін досы Көкбайға "беріп", оны жұрттың қалай қабылдағанын бақылаған. Көпшіліктің пікірін ескеріп, өлеңдерін техникалық жағынан жетілдіріп, жалықпай жұмыс жасауының нәтижесінде барып, өлеңдері кемелдене түскен, ақын Абайдың өлеңдері сыншыл Абайдың көңілінен шыға бастаған.

Абай қазақ поэзиясының классигі болумен бірге сыншылық көркем ойды барынша биікке көтерген әдебиет сыншысы да бола білді. Оның поэзиясының шыңына шығуы өзіне дейінгі қазақ ақындарының өлеңдеріне, одан қалды әлемдік әдебиетке сын көзімен қарап, үздігінен үйреніп, соларды жаңаша ұлттық топырақта жүзеге асыруының нәтижесінде болды. Жалпы қазақ ақындарының ішінде сөз өнеріне Абайдай биік талаптар қоя білген ақын жоқ десе де болғандай. Керек десеңіз, Абай өзіне дейінгі қазақ поэзиясына, тіпті өзінің қырық жасқа дейін жазған бір де бір өлеңіне көңілі толмаған.

Абай оннан астам өлеңінде тілдің құдіреті, өлеңнің қалай болуы керектігі жайлы пікір білдіреді. Ол алдымен өнердің өмірдегі орнына, ақынның қоғам алдындағы парызы мен қарызына айрықша маңыз береді. Өлеңді кәсіпке, мал табудың, күн көрістің құралына айналдырып "Мал үшін тілін безеп, жанын жалдап, мал сұрап біреуді алдап, біреуді арбап" жүргендерге қарсы шығады.

Сый дәмепте, берсе алма еш адамнан,  
Нең кетеді жақсы өлең, сөз айтқаннан.  
Сүйінерлік адамды құрмет қыл,  
Аулақ боп жіп сатып, нәрсе алғаннан.  
Өлеңі бар өнерлі інім сізге  
Жалынамын мұндай сөз айтпа бізге.  
Өзге түгіл өзіңе пайдасы жоқ,  
Есіл өнер қор болып кетер түзге – деп,

ақындарға жалынғандай да болады. Ал өзі болса:

Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.  
Көкірегі сезімді, тілі орамды,  
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін  
Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпақ,  
Наданның көңілін қойып, көзін ашпақ.

деп өлең жазғанда, алдына қойған әлеуметтік мақсатын ашық айтады.

Абайдың сөз өнері жайлы ой концепциясы "Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы", "Туғанда дүние естігін ашады өлең", "Біреудің кісісі өлсе-қаралы ол", "Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын", "Базарға қарап тұрсам әркім барар", "Сегіз аяқ", "Сәулең болса кеудеңде", "Адамның кейбір кездері", "Өзіңе сенбе жас ойшыл", "Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін" сияқты өлеңдерінде мейлінше ашық айтылған. Әсіресе "Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы" қазақ поэзиясының өлеңмен жазылған теориясы іспеттес. Бұл өлеңді өлеңнің теориясын өлеңмен жазған атақты Буалонның "Поэтикасымен" ғана салыстыруға болады.

Абай өлең туралы тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін дөп басып, "өлең – сөздің патшасы" деген анықтама береді. Бұл жерде Абай Белинскийдің еңбектерін оқыды ма, оқымады ма білмейміз, әйтеуір оның орыс сыншысының "поэзия – өнердің жоғарғы тегі" деген пікірімен бір арнадан шығып, үндесіп жатқанын да айта аламыз. Сонымен Абайдың өлең атаулыға берген анықтамасы, талғамы, талабы.

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,  
Қиыннан қиыстырар ер данасы.  
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,  
Теп-тегіс жұмар келсін айналасы.

деген жыр жолдарда келісті кесте салған. Өнер туралы өнердің тілімен бұлайша айта білу кез келген дарынның қолынан келе берер іс емес өлең туралы өлеңмен сын жазу – Абайдай ұлы ақынның ғана қолынан келер қиынның қиыны.

Абайша:

"Бөтен сөзбен былғанса сөз сарасы,  
Ол ақынның білімсіз бейшарасы".

Нағыз өлең – "іші алтын сырты күміс сөз жақсысы". Ақындық өнерге осындай жоғары талаптар қойып, оның мақсаты мен мәнін терең түсінген Абай өзіне дейінгі және өз кезіндегі әдебиетке, сөз өнері арқылы қалыптасқан кейбір ой-пікірлерге батыл сын айтты.

Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау,  
Өлеңі бірі жамау, бірі құрау.  
Әттең дүние-ай, сөз таныр кісі болса,  
Кемшілгі әр жерде-ақ көрініп тұр-ау.

деген Абайдың өлең шумағы кезінде қоғамдық өмірдің барлық саласы қызыл саясаттанып кеткен Совет заманында ескішіл, ұлтшыл кертартпа саналған Шортанбай, Дулат, Бұқар сияқты ұлтжанды ақындарды қаралау үшін пайдаланып келгені де рас. Сөздің құдыреті сол бір ұлымыздың аузынан шыққан дуалы сөздің мәнін, бағытын басқаша түсіндіріп, басқа да ұлыларымызды кеудесінен ары игердік. Абай шындығында Шортанбайларды ақын емес деп, жоққа шығарған ба еді. Жоқ.. Онда қалай? Өлең жолдарына үңіле түсейікші.

Абай өзіне дейінгі қазақ поэзиясын, оның ішінде Шортанбай, Дулат, Бұқар жыраулардың өлеңдері жайлы пікір айтқанда олардың ақындығын жоққа шығармайды. Өзіне тән нені айтса да түбіне жеткізе кесіп айтатын әдетімен оларға жоғары талаптар қойып, өлеңдеріндегі бір сарындылықты, техникалық, көркемдік жақтарындағы кейбір жетіспеушілітерді аяусыз сынға алған. Дәстүрлі қара өлең, жыр үлгісіндегі бүкіл қазақ поэзиясында өлең құрылысына тән батыл ізденістердің болмағанын оның аса көрнекті үш атын атап тұрып, сынап отыр.

Абайдың көркем сөзге қояр биік философиялық-эстетикалық талғамы оның қазақтың мақал-мәтелдері жайлы айтқан пікірлерінен де айқын көрінеді. Ол "Қазақтың мақалдарының көбіне іске татырлығы да бар, іске татымақ түгіл, не құдайшылыққа, не адамшылыққа жарамайтұғыны да бар" деп білген. Халықтың ғасырлар бойы тәжірибесін "тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні" етіп, аз сөзбен, терең оймен кестелген мақал-мәтелдерді тілдік жағынан емес, онда айтылған ойлардағы кейбір ұшқары жақтарын қатал сынға алған. Абай "Жарлы болсаң, арлы болма", "Қалауын тапса, қар жанады", "Атың шықпаса, жер өрте", "Жүз күн атан болғанша, бір күн бұра

бол", "Алтын көрсе, періште жолдан таяды", "Ата-анадан мал тәтті, алтынды үйден жан тәтті" деген мақалдарда айтылар ойдың адамгершілік нормаларына қайшы келетін тұстарын атап көрсетеді. Мысалы, "Жарлы болсаң, арлы болма" деген мақалды "Ардан кеткен соң, тірі боп жүргенің құрысын. Егер онысы жалға жүргенде жаныңды қинап, еңбекпенен мал тап деген сөз болса, ол ар кететін іс емес, тыныш жатып, көзін сағып, біреуден тіленбей, жанын қарманып, адал еңбекпен мал іздемек – ол адамның ісі" деп санайды. Сол сияқты "Қалауын тапса, қар жанады", сұрауын тапса адам баласының бермейтіні жоқ деген – ең барып тұрған құдай ұрған сөз. "Сұрауын табамын, қалауын табамын" деп жүріп қорлықпен өмір өткізгенше, малды не жерден сұрау керек, не терден сұрау керек қой" деп жазады Абай.

Мақал – сөздің мәйегі, халық даналығы. Кер замандар, өмірде кездесетін кейбір кер құбылыстар да адамдардың тұрмыс-тіршілігіне, таным-түсінігіне, моральдық өлшемдеріне әсер етіп, онда туындаған ой-пікірлер сәтті сөз тіркестеріне, мақал-мәтелге айналып, белгілі бір топтарға қызмет етуі әбден мүмкін. Бұл жерде Абай мәселеге белгілі бір топтың, немесе топтың тұрғысынан келіп емес, жалпы халықтың құндылықтар хақында ой қозғап, ұлттың болашақ кемелденуіне құрт аурудай кесел келтіретін, іштей жегідей жеп, елді біртіндеп аздыратын теріс зиянды пікірлерді аяусыз сынап отыр. Ақын Абайдың мұндай сыншыл пікірлері оны ұлттың болашағы үшін "күніне мың ойланып, мың толғанған" дана Абайға айналдырып отыр.

Абай – уақытынан озып туған ұлы ақын. Қазақ бойындағы кемшіліктерді Абайдай қатты айтқан ашық сынаған тағы да жоқ. Халқының қамын жеп, "толғауы тоқсан қызыл тілді" қару қылып, қанша қызмет етсе де елі кезінде ақынды өз дәрежесінде түсіне алған жоқ. Өйткені Абай өз оқырманынан көп алға кетіп қалған болатын. Ақынның көркем кестеленген көп мағыналы да терең өміршең ойлары көпшіліктің түсінуіне ауыр соғып жатты. Сондықтан да Абайды оқырман мәселесі қатты қанады. "Жартасқа бардым, күнде айқай салдым, одан да шықты жаңғырық" дейтіні де сондықтан.

Жұртым-ай, шалқақтамай сөзге түсін  
Ойланшы, сыртын қойып, сөздің ішін.  
Ыржақтамай тыңдасаң, нең кетеді,  
Шығарған сөз емес қой әңгіме үшін.

деп, ыза болады. Абай қазаққа кез-келген сөзге құлағынды тоса бер демейді,

Білімдіден шыққан сөз,  
Талаптыға болсын кез.  
Нұрын, сырын көруге  
Көкірегінде болсын көз"

деп, қажетті, пайдасы бар сөзді ойлы адамның тыңдағанын қалайды. "Сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзел" деп, тыңдаушысын ойлы сөзді тыңдауға, яғни сөз қадірін түсінуге, сол сөз арқылы келетін білім, ғылым үйреніп, мағыналы өмір сүруге шақырады.

Сонымен, қазақ әдебиетінде сыншыл ойлардың дамуына ұлы Абайдың сөз өнері жайлы айтқан өнері жайлы өрелі ойлары әдеби сынды, кең өрістерге, бел-белестерге алып шығып, философиялық-эстетикалық сынның биік асуларына бет алғанын байқатты. Сынның дамуы қоғамдық ой-пікірлердің дамуымен тікелей байланысты болса, данышпан Абайдың өмірдің мәні, поэзияның қоғамдағы орны, сөз өнері жайлы айтқан өнікті ойлары әдеби сынды да көркейтіп, оған жаңаша сипат, көзқарас берді. Сөйтіп қазақ халқының сөз өнері жайлы ғасырлар бойы қалыптасқан талғам-түсінігі Абай арқылы үлкен електен өтіп, кемелденіп, толысып, жазбаша сипат ала бастады.

А.С.Ісімақова

## АБАЙДЫҢ ӘДЕБИЕТТАНУЛЫҚ ТҮСІНІКТЕРІ

Асыл сөзді іздесең,  
Абайды оқы, ерінбе.  
Адамдықты көздесең,  
Жат тоқып ал көңілге.

Сөз мәнісін білмесең,  
Өлең оқып не керек?  
Не айтқанын сезбесең,  
Жарапазан не береді?  
*Сұлтанмахмұт*

Әдеби мұраның игерілуін Ыбырай білім, ілім беру, ағартушылық, тәрбиелік бағытқа бағындырса, Абай басқаша жол ашты.

Абай өзіне дейінгі қазақ әдебиеттануында бұрын-сонды болмаған әдеби-эстетикалық жаңалық ашқан. Әл-Фараби дәстүрін жалғастырған Абай әдеби сөзді білімге, ғылымға бағындырады. Көркем сөздің мәнін, оның сапасының сырын толықтырды. Сөздің дұрыс және орынды қолданылуын талап етті.

Абай бірінші болып ақын, айтушы мен тыңдаушы, талдау мен талғамның әдебиеттанулық тұжырымдар екенін айырып, келесі өлең жолдарында айқындап берді:

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,  
Қиыннан қиыстырар ер данасы.  
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,  
Теп-тегіс, жұмыр келсін айналасы.

"Өлең – сөздің патшасы" екенін А.Байтұрсынұлы 1926 жылы "Әдебиет танытқышта" дәлелдеп берді. Аталған кітапта Абайдың осы бір жол өлеңіне арналған сөздің міндеті туралы арнайы тарауша бар.

Абай сөйлемнің, "сөз сарасының тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп" тұруын да анықтай түседі. Кейіпкердің тілі өзіне ғана тән болуы –

көркемділіктің талабы екені бүгін мойындалған қағида. Бұл талап туралы Абай келесі шумақта былай айтыпты:

Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,  
Ол – ақынның білімсіз бейшарасы.  
Айтушы мен тыңдаушы көбі надан,  
Бұл – жұрттың сөз танымас бір парасы.

Көркемділіктің негізгі мәні, мазмұны қандай басты ойға бағыну керек деген сауалға Абай былай деп жауап береді:

Әуелі аят, хадис – сөздің басы,  
Қосарлы бәйітмысал келді арасы.  
Қисынымен қызықты болмаса сөз,  
Неге айтсын Пайғамбар мен оны Алласы?

Демек, көркем мәтіннің ойы аят, хадистердегі имандылық, адамдықтың (Абай) мәнін ашуға бағышталмаса, оның қажеттілігі де шамалы. Себебі, басты ой – сөздің басы, яғни ең маңыздысы – Алла мен Пайғамбардың кісіліктің үлгісін нұсқаған көркем, имани сөздерін насихаттау, осыны түсінуге ұмтылу. Абай көркемсөздің адамның жанына әсер етіп, қасиетін білуді де ескертеді:

Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын  
Қазақтың келістірер қай баласы?

Себебі, Абай айтқандай, "өлеңге әркімнің-ақ бар таласы", бірақ "көптің ішінде бар таңдамасы".

Көркем өлеңге қандай талаптар қойылу керек? Ақын "көр-жерді өлең қып, жоқтан қармап" жүрмес үшін не істеу қажет? "Сөз қадірін" кетірмес үшін, "мал үшін тілін безеп, жанын жалдап" жүрмес үшін, "қайда бай мақтаншаққа" бармас үшін, тек соның сөзін сөйлеп жанын сағпас үшін ақынның адал болуын, оның ойы мен сөзі бөлінбеуі шарт екенін Абай осылай алға тартады.

Замандастарын Абай сөз қадірін түсінуге шақырады, оның басты міндетін еске сақтауды нұсқайды. Сонымен қатар заманға сай ақынға жаңа көркем талаптар қойылатынын ескертеді:

Ескі бише отырман бос мақалдап,  
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап.  
Себебі,  
Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел!  
Сендерге де келейін енді аяндап.

Яғни, қазақ сөз өнеріндегі әдеби-эстетикалық жағдайдың өзгергенін Абай әдебиеттанушы ретінде осылай мойындатады. Әдебиетші Абай ақын сөзі біреуге ұнау үшін, не болмаса мал үшін емес, адамның жанына қажетті болуына мән беруді меңзейді. Ақынның сөзін қабылдаушы оқырманның эстетикалық талғамының да дамуын, өзгеруін талап етеді. "Мұндай көркемдікті кім игере алады?" деген сауалға Абай былай дейді:

Мақтан қуған, мал құмар нені ұға алсын,  
Шықпаса мыңнан біреу талғап-талғап.

Осы орайда Ахмет Байтұрсынұлы "Қазақтың бас ақыны" мақаласында: "Ақындық, өлеңшілдік ел көзіне қадірсіз көрінсе, кемшілік ақындық пен өлеңшілдікте емес, ақындық пен өлеңшілдікті орнына жұмсамағандықта екендігін, ақындық пен өлеңшілдікті қазақ ақындары, өлеңшілері қайыршы-тіленшілік орынға жұмсағаннан өлеңнің қадірі кеткенін Абай әбден білген соң, өлең жазуға түскен" [1, 157-б.], – деп түйіндепті.

Жоғарыдағы өлең жолында Абай көркемсөздің стильдік үйлесімділігін, оның алдындағы жазу тәсілінен айырмашылығы бар екенін және табиғи әсемдікті меңгеруге шақырады.

Ақын сөзінің ескі биден айырмашылығы қандай? Әдебиетші Абай сөздің мағыналы болуын, оның адам баласынан ынсап, ұят, ар-намыс, сабыр, терең ой, терең ғылым қасиеттерін талап ететінін айтқан.

Абай "Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол" атты шығармасында өлеңге, сөзге қойылар талаптарды жалғастыра түседі. Әдеби сөздің адам өміріндегі орнын анықтап береді:

Туғанда дүние есігін ашады өлең,  
Өлеңмен жер қойнына кірер денең.  
Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен,  
Ойласаңшы, бос қақпай елең-селең.